

ҚР квазимемлекеттік секторының жұмыс тиімділігін арттыру

А.К. Жахметова¹, М.А. Аbugалиева²

¹Э.ғ.м., Мемлекеттік аудит кафедрасының аға оқытушысы

²Мемлекеттік аудит мамандығының 4 курс студенті

ainura_zhahmetova@mail.ru

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Аннотациясы: Қазақстан Республикасында меншіктің алуан түрлері мен формаларын қалыптастыру жекешелендіру жолымен жүзеге асырылады. Оның негізгі мақсаты: жекешелендірілген кәсіпорындардың экономикалық өсуі арқасында ұлттық экономиканың тиімділігін арттыру. Сонымен қатар, мемлекеттік бюджет тапшылығын азайту. Негізінен, әр елде квазимемлекеттік сектор белгілі бір базалық салаларда басым болады. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, мамыған және өтпелі экономикадағы квазимемлекеттік сектор субъектілері ірі ауқымды жобаларды бірлесіп қаржыландыру нысанын жиі қабылдайды.

Кілті сөздер: мемлекеттік бюджет тапшылығы, мемлекеттің экономикалық саясаты, мемлекеттік қарыз, сыртқы қарызды басқару, квазимемлекеттік сектор субъектілері

Қазақстан - әлемдік ауқымда көлемі шағын экономика. Сондықтан оны өте тиімді басқару қажет. Ел біртұтас корпорация секілді жұмыс істеуі тиіс, ал мемлекет оның өзегі болуға тиіс. Қазақстан Республикасындағы 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттің макроэкономикалық саясатының жаңғыртылуы тиіс екенін және оның ішінде Мемлекеттік және сыртқы қарызды басқару саясаты бойынша мына мәселелерді атап өткен болатын:

- Елдің мемлекеттік қарызының деңгейін тұрақты бақылауда ұстау
- ІЖӨ-ге қатысты бюджет тапшылығын төмендету;
- Мемлекеттік қарыз аз мөлшерлі деңгейде қалуға тиіс. Бұл қағидатты міндет, өйткені, біз әлемдік тұрақсыздық жағдайында бюджетіміздің тұрақтылығын және ұлттық қауіпсіздігімізді тек осылай ғана қамтамасыз ете аламыз.

- Экономиканың квазимемлекеттік секторы борышының деңгейін қатаң бақылау қажет.

Өтпелі экономикасы бар елдердегі квазимемлекеттік сектор дағдарысқа қарсы құрал ретінде өзін-өзі көрсетеді, бұл кәсіпкерлік субъектілеріне жағымсыз үрдістерге тиімді қарсы тұруға ғана емес, сондай-ақ анықталған басым инвестициялық жобаларды іске асыруды жалғастыруға мүмкіндік береді.

Жаңа құрылымдық экономиканы қалыптастыру шеңберіндегі бағалауы бойынша, оның негізгі міндеті жеке капиталды ұлғайту және меншіктің мемлекеттік үлесін Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы елдерінің деңгейіне, яғни 2020 жылға қарай ЖІӨ-нің 15% -на дейін азайту болып табылады. Мемлекет басшысы экономиканы жекешелендіру және мемлекеттік активтерді жекешелендіру процестерін жандандыру міндетін қойды. Үкімет осы мәселені мұқият талқылап, министрлер есеп беріп, өз көзқарастарын білдірді және оны әкімдермен талқылады және келесі отырыста түпкілікті шешім қабылдау тапсырылды. Бұған дейін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Бәйтерек» және «ҚазАгро» холдингтерінен ұсынылатын активтерге қатысты тиісті директорлар кеңесі өткізілетін болады. Дайындық жұмыстарын жүргізу: белгілі бір кадамдар жасалып, елдегі бизнес-рейтингті жақсарту мақсатында үлкен заңнамалық пакет қабылданды, мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуын шектейтін қағидалар бекітілді. Елдегі жекешелендірудің ауқымды процестеріне сәйкес жаңа саясатын ұсынылды.

Қазақстан Республикасында меншіктің алуан түрлері мен формаларын қалыптастыру жекешелендіру жолымен жүзеге асырылады. Оның негізгі мақсаты: жекешелендірілген кәсіпорындардың экономикалық өсуі арқасында ұлттық экономиканың тиімділігін арттыру. Сонымен қатар, мемлекеттік бюджет тапшылығын азайту.

Негізінен, әр елде квазимемлекеттік сектор белгілі бір базалық салаларда басым болады. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, мамыған және өтпелі экономикадағы квазимемлекеттік сектор субъектілері ірі ауқымды жобаларды бірлесіп қаржыландыру нысанын жиі қабылдайды. Мысалға алатын болсақ, Италия қара металлургияны, электро-техникалық және кеме жасау өнеркәсібінде, Франция электр энергетикасы, аэроғарыш, электрондық, химиялық өнеркәсіп, металлургия, автомобиль құрылысы салаларында басымдық көрсетеді.

Қазақстан Республикасында Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 927 қаулысымен бекітілген «Иеліктен шығаруға жатпайтын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің меншігіндегі объектілердің, оның ішінде стратегиялық объектілердің тізбесі»:

1. Магистральдық теміржол желісі.
2. Ұлттық электр желісі.
3. Магистральдық құбырлар (мұнай құбырлары мен газ құбырлары).

Жекешелендірудің екінші кезеңі 720 объектіті қамтып, 454 842,0 млн.тг. құрады. Бұл кезеңдегі 2017-2018 жылдардағы мәліметтерді салыстырып және сондағы жіберілген қателіктерге тоқталып, талдау жасайық

Кесте-1.

ҚР жекешелендірудің екінші кезеңі - 2017 жылдағы жекешелендіру объектілерінің көрсеткіштері

Меншік түрі	Барлығы	Шығарылды	Сатылды	Сатылу бағасы	Алынып тасталды	Қателіктер
Республикалық меншік	13	13	13	13 618 060 253,71	0	0
Коммуналдық меншік	226	119	119	27 308 908 861,89	107	6
Ұлттық холдингтер активтері	61	22	22	78 893 710 441,70	39	2
Ұлттық компаниялар активтері	43	31	31	2 138 207 937,07	12	0
Нәтижесі	343	185	185	121 958 887494,37	158	8

Ескерту- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті мәліметтері негізінде автормен құрылған

2017 жылғы мемлекеттік жекешелендіру объектілерінің көрсеткіштерін 1-кестеден көре аламыз.

Кесте-2.

ҚР 2017 жылғы коммуналдық меншіктегі жіберілген бұзушылықтар

Жекешелендіру объектісі	Бұзушылық
1	2
"ШҚО Семей қаласының «Дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің "Спартак" футбол клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Тарату туралы шешім қабылданды, бірақ объект осы уақытқа дейін жойылмаған;
Маңғыстау облысы әкімдігінің облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ШЖҚ "Маңғыстауветсервис" МКК	Сату алдындағы дайындық және бағалау созылған
"КАЗКИНОЖИНАҚТАУ" ЖШС	Тарату туралы шешім қабылданды, бірақ объект осы уақытқа дейін жойылмаған;
Алматы қаласы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының ШЖҚ "Демалыс" МКК	Сату алдындағы дайындық және бағалау созылған
Алматы қаласы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының ШЖҚ "Алматыэкологоқұрылыс" МКК	Сату алдындағы дайындық және бағалау созылған
"Білім беру жүйесін ақпараттандыру орталығы" ЖШС	Тарату туралы шешім қабылданды, бірақ объект осы уақытқа дейін жойылмаған;

Ескерту- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті мәліметтері негізінде автормен құрылған

Бұндағы орын алған қателіктерге тоқталайық. Мысалға, ұлттық холдингтер активтері жіберілген қателіктерге тоқталайық.

Кесте-3.

ҚР 2017 жылғы ұлттық холдингтер активтеріндегі жіберілген бұзушылықтар

Жекешелендіру объектісі	Бұзылған	Ескертпе	Облыс/ қала	Саудасаттықтың %	Саудасаттықтардың
1	2	3	4	5	6
"ТАЛЕС КАЗАХСТАН ИНЖИНИРИНГ" ЖШС	Тарату туралы шешім қабылданды, бірақ объект осы уақытқа дейін жойылмаған;	«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №1 шешіміне сәйкес "ТАЛЕС КАЗАХСТАН ИНЖИНИРИНГ" ЖШС жоюға жатады.	Алматы	50,00	Қаңтар
"СПЕЦ-МАШАСТАНА" ЖШС	Тарату туралы шешім қабылданды, бірақ объект осы уақытқа дейін жойылмаған;	«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №1 шешіміне сәйкес "СПЕЦМАШАСТАНА" ЖШС жоюға жатады.	Астана	35,00	Қазан
Ескерту- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті мәліметтері негізінде автормен құрылған					

Бұл кестеден біз 2017 жылы ұлттық холдингтер активтеріндегі жіберілген бұзушылықтарды көруімізге болады. Салыстыру үшін 2018 жылғы мәліметтерге тоқталайық.

Кесте-4.

ҚР жекешелендірудің екінші кезеңі - 2018 жылдағы жекешелендіру объектілерінің көрсеткіштері

Меншік түрі	Барлығы	Шығарылды	Сатылды	Сатылу бағасы	Алынып тасталды	Қателіктер
Республикалық меншік	31	22	2	25 737 572 575,00	8	0
Коммуналдық меншік	73	37	0	22 316 620 334,00	36	6
Ұлттық холдингтер активтері	31	24	0	74 633 152 790,00	7	0
Ұлттық компаниялар активтері	21	15	0	711 591 618,00	6	1
Нәтижесі	156	98	2	123 398 937 317,00	57	7
Ескерту- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті мәліметтері негізінде автормен құрылған						

Көріп отырғанымыздай, 2018 жылы ұлттық холдингтер активтеріндегі жіберілген бұзушылықтардың жоқ екенін көруімізге болады. Ал бұндай бұзушылықтарды жібермес үшін мынадай ұсыныстарды қарастыруға болады:

- нормативтік құқықтық актілерде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің құқықтық мәртебесін нақты бекітетін заңнама жасау;
- шетелдік тәжірибені ескере отырып, «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңында КМСС байланысты Директорлар кеңесі мен атқарушы орган мүшелерінің қоғам, серіктестік және олардың

қатысушылары алдындағы жауапкершілігі бөлігінде арнайы заңдарға сілтемелерді қарастыру қажет деп санаймын.

- ұлттық басқарушы холдингтер мен компаниялар, сондай-ақ ұлттық холдингтер мен компаниялар үшін артықшылықтарды болдырмау мақсатында "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңын квазимемлекеттік сектордың субъектілеріне тарату.

- құрылтайшының немесе ұйымның лауазымды адамының тарапынан қасақана әрекетсіздікті болдырмау, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті сақтау және кредиторлардың құқықтарын қорғау үшін құрылтайшыға ғана емес, сондай-ақ олардың әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) туындаған әдейі және жалған банкроттық кезінде лауазымды адамға да субсидиарлық жауапкершілікті таратсақ болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>

2. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы": <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

3. Мемлекеттік мүлік туралы: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000413>

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>

5. Ғылым туралы заң: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000407>

6. "Мемлекеттік сатып алу туралы": <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434>

7. МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ КОМИТЕТІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ТІЗІЛІМІ сайты: <https://www.gosreestr.kz/kz/>

8. Жекешелендірудің екінші толқыны сайты (госреестр) :<http://privatization.gosreestr.kz/kz?Filter=incomplexplan&Owner=Kom&Year=2017&Mode=violations>

9. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті <https://www.stat.gov.kz/>

Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті реттеудің қаржылық тетігі

С.С. Жекенов¹, С.Ш. Мамбетова²

¹ «Қаржы» мамандығы бойынша 1-ші оқу жылының магистранты

² Э.ғ.к., менеджмент кафедрасының доценті
sanches_kievka@mail.ru, sagynysh.2012@mail.ru

^{1,2} Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

Аннотация: шағын бизнесті дамыту экономикалық өрлеудің және әлеуметтік-саяси жаңғыртудың басты құралы. Әсіресе, жеке меншіктің нақты өмірге жүзеге асуы және орта таптың қалыптасуының мемлекетімізде артқан сайын еліміз көркейіп, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарды. Сонымен бірге, кәсіпкерлік – экономиканың тиімді әрі нәтижелі секторы.

Түйін сөздер: кәсіпкерлік, бизнес, шағын кәсіпкерлік, жеке кәсіпкерлік, кәсіпкер

Қазіргі жағдайда кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік реттеу мен жәрдемдесу күшейтіледі, мемлекеттік органдардың жеке бизнес субъектілерімен өзара іс-қимылының ұйымдық нысандары өзгереді, мемлекеттік және нарықтық реттеу тетіктерін ұштастыра отырып, басқару мақсатында, тетігінде, аппаратында елеулі өзгерістер орын алады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2050 жылға қарай ЖЖӨ-дегі шағын және орта бизнестің экономикалық үлесін 50% дейін жеткізу стратегиялық міндетін қойды. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2025 жылға қарай 35-40% болатын орта мерзімді перспективаны анықтады. Сондықтан кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің мақсаты тұтастай алғанда экономиканың қалыпты жұмыс істеуін және ел кәсіпкерлерінің Халықаралық еңбек бөлінісіне тұрақты қатысуын және осы оңтайлы пайданы алуды қамтамасыз ететін белгілі бір жағдайлар жасау болып табылады. Әрбір елдің үкіметі әрбір нақты кезеңде өзінің жеке мақсаттарына ие және оларды өз еліндегі және әлемдік шаруашылықтағы қалыптасқан экономикалық жағдайға қатысты оған қол жетімді әдістермен және құралдармен шешуге қол жеткізеді.